


<p>СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ</p> 	<p>"Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ" КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p>3-деңгейлі СМЖ құжаты</p>	<p>2024 жылғы « <u>01</u> » <u>08</u> №5 редакция</p>	<p>Е 029-03-04-02/2/02-2024</p>

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ
Диссертациялық кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

Е 029-03-04-02/2/02-2024

АЛҒЫСӨЗ

1 Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің докторантура және ҒЗЖ ұйымдастыру бөлімінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Докторантура және ҒЗЖ
ұйымдастыру бөлімінің бастығы
«24» 04 2024 ж.

 М. Хведелидзе

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі – ғылым және
корпоративтік даму жөніндегі
проректор
«28» 04 2024 ж.



 Е. Көлдеев


Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және
жоғары оқу орнынан кейінгі білім
департаментінің директоры
«30» 04 2024 ж.

 Д. Алшимбаева

Корпоративтік даму департаментінің
директоры
«29» 04 2024 ж.

 М. Енсебаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы
«26» 04 2024 ж.

 Т. Абуkenов

Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
бөлімінің бастығы
«25» 04 2024 ж.

 Ж. Орақбаева

3 Басқарманың 2024 жылғы «01» 08 № 9 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 2021 жылғы 25 мамырдағы №4 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру	4
3	Диссертациялық кеңестің функциялары	8
4	Апелляцияны өткізу тәртібі	25
5	Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру	26
6	Ерекше шарттар	26
7	Диссертациялық кеңестің жұмысын ұйымдастыруды ресурстық және қаржылық қамтамасыз ету	27
8	Қорытынды ережелер	27
	Қосымшалар	28
	Өзгерістерді тіркеу парағы	40

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Диссертациялық кеңес туралы ереже (бұдан әрі – «Ереже») келесідей нормативтік құқықтық құжаттар шеңберінде әзірленді:

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 14.06.2024 №294 бұйрығымен жаңа редакцияда);

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидалары;

- ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

1.2 Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет немесе ҚазҰТЗУ) диссертациялық кеңестері – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін алқалы органдар;

2) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

2 Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру

2.1 Диссертациялық кеңестер күнтізбелік 3 (үш) жылға құрылады және докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес соңғы 3 (үш) жылда Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміндегі докторантураның білім беру бағдарламалары;

3) кемінде 3 (үш) жыл мерзімге аккредиттелген және Министрлік туралы ереженің 15-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның білім беру бағдарламалары;

4) Министрлік туралы ереженің 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес оқытудың 1 (бірінші), 2 (екінші) және 3 (үшінші)-жылына даярлау бағыты бойынша бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың контингенті болған жағдайда жұмыс істейді.

2.2 Консорциалдық келісім болған жағдайда ЖЖОКБҰ-ның (бұдан әрі – әріптес ЖЖОКБҰ) мыналары бар:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелуі;

2) әріптес ЖЖОКБҰ докторанттары қатысатын мемлекеттік бюджеттен бағдарламалық-нысаналы немесе гранттық қаржыландыру шеңберінде соңғы 3 (үш) жылда докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша орындалып жатқан немесе орындалған жобалары;

3) осы Үлгі ереженің 9-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген халықаралық рецензияланатын басылымдарда жарияланымдары бар, даярлау бағыты бойынша кемінде 3 (үш) ғалымы;

4) тиісті немесе аралас даярлау бағыты бойынша әріптес ЖЖОКБҰ-ның білім беру процесіне қатысатын кемінде 3 (үш) ғалымы ғылыми ұйымдармен бірлесіп, диссертациялық кеңестер құруына жол береді.

Ғылыми ұйыммен бірлескен диссертациялық кеңес құру туралы өтінімді әріптес ЖЖОКБҰ береді. Комитеттің диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру туралы шешімі қабылданған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

2.3 Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінде ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 4 (төрт) мүшесі, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

1) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

2) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалардың және шолулардың тең авторлары;

4) соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар тағайындалмайды.

Диссертациялық кеңестерді құру кезінде диссертациялық Кеңестің мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

2.4 Диссертациялық кеңестің құрамына:

1) диссертациялық кеңес құрылған ЖЖОКБҰ-ның ректоры;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;

3) соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

2.5 Диссертациялық кеңестің құрамында 1 (бір) мүше шетелдік ғалым болуы тиіс.

Университет жанындағы диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болады:

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина), 8D11 Қызмет көрсетулер білім беру салалары бойынша соңғы 5 (бес) жылда Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 3 (үш) жарияланым;

2.5 Диссертациялық кеңес мүшелерінің жарияланымдарына қойылатын талаптар. Диссертациялық кеңестерде мүшелердің кемінде 2/3 (үштен екісінің) кемінде 3 (үш) Хирш индексі немесе халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болады:

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D09 Ветеринария, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина), 8D11 Қызмет көрсетулер кадрлар даярлау бағыттары бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе ең болмағанда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus (Скопус) деректер

базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланым;

2) басқа білім беру салалары үшін соңғы 5 (бес) жылда Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index бөлімдері (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін және Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 2 (екі) жарияланым.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала ретінде соңғы 5 (бес) жылда – сенімді баспаларда немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 (жүз) рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монография ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген монографияда тарау болған жағдайда (ізденушіге кемінде 3 (үш) баспа табағы тиесілі) ол халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала ретінде есепке алынады.

2.6 Тұрақты құрам және ондағы өзгерістер, сондай-ақ төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы ҚазҰТЗУ-дың Ғылыми кеңесінің (бұдан әрі – ҒК) шешімі негізінде Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2.7 Ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ-да диссертациялық кеңестер осы Үлгі ереженің 3 немесе 3-1-тармақтарының талаптарына сәйкестігі туралы Комитетті хабардар ете отырып, 3 (үш) жұмыс күні ішінде дербес құрылады. Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат ЖЖОКБҰ-ның бірінші басшысының бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

Жолданым/шағым болған жағдайда Комитет тиісті диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңесте өткен қорғау рәсімін тексереді.

Диссертациялық кеңестің төрағасы:

- Диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылық етеді;
- Кеңес отырыстарын өткізеді;
- белгіленген талаптарға сәйкес диссертация қорғауды жүргізу құқығының сақталуын қамтамасыз етеді;
- диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты болады.

2.8 Диссертациялық кеңес құру туралы ақпарат университеттің веб-сайтында ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

2.9 ЖОО:

1) диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;

2) диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді. ЭАОО-лар Плагиатқа тексеру жөніндегі комиссияның болуын қамтамасыз етеді;

3) диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді.

2.10 ЖЖОКБҰ-дағы нақты кадрларды даярлау бағыты (мамандық) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуына мыналар негіз болады:

1) Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар бойынша 3 (үш) және одан да көп шешімі (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ-ларды қоспағанда);

2) докторантураның тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиясынан айыру;

3) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы немесе аккредиттеуді кері қайтарып алу (ЭАОО-ларды қоспағанда);

4) осы Үлгі ереже талаптарының бұзылуы анықталған 5 (бес) қорғауды өткізуі.

Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша құру туралы өтінім 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

Диссертациялық кеңестің осы Үлгі ережеде белгіленген талаптарды бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болады (3 (үш) қорғау бұзушылықтармен өткен жағдайда).

3 Диссертациялық кеңестің функциялары

3.1 Диссертациялық кеңестің функциялары:

- диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;

– диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

- диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;
- диссертация бойынша шешім қабылдау;
- осы Ережеде белгіленген басқа да функциялар.

3.2 Диссертациялық кеңестің төрағасы:

- диссертациялық Кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

- Кеңес отырыстарын өткізеді;
- белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқығының сақталуын қамтамасыз етеді;
- диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

3.3 Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары:

- егер кеңес төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болып табылса, сондай-ақ диссертациялық кеңес төрағасы болмаған жағдайда, кеңес отырысын өткізу жөніндегі Диссертациялық кеңес төрағасының функцияларын орындайды.

3.4 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы:

1) диссертацияны қорғауға қабылдау және қорғауды жүргізу рәсімдерін ұйымдастыру;

2) диссертацияны "плагиатқа қарсы" жүйесі бойынша тексеруге, ҚазҰТЗУ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына ресми рецензенттерге Жолдау;

3) диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарларды жіберу;

4) диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;

5) диссертациялық Кеңестің отырысына, оның ішінде бағдарламалық және техникалық құралдарды даярлау;

6) диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;

7) философия докторы (PhD) дәрежесін беру (беруден бас тарту) бойынша диссертациялық Кеңес қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есепті және диссертациялық кеңестің күнтізбелік жылдағы жұмысы туралы есепті дайындау (2, 3-қосымша);

Хат-хабар ғылыми хатшының ресми корпоративтік поштасынан жіберіледі. Ғылыми хатшының міндеттерін өзге адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

3.5 Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- 1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

б) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дәрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

3.6 Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес осы Үлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

3.7 Диссертациялық жұмысты қорғауға докторантураның білім беру бағдарламаларын толық меңгерген және ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларының (бұдан әрі – Дәрежелерді беру қағидалары) талаптарына сәйкес докторант жариялаған диссертациялық жұмыстарды немесе мақалалар сериясын ұсынған докторанттар жіберіледі.

3.8 Диссертациялық кеңес докторанттың диссертациялық жұмыс немесе Дәрежелерді беру қағидаларының 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жарияланған мақалалар сериясы нысанында ұсынған диссертациясын қорғауды өткізеді.

3.9 Диссертация мынадай нысандардың бірінде ұсынылады:

- 1) диссертациялық жұмыс;
- 2) диссертация мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірінен Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және (немесе) екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу немесе үш мақала сериясы. Мақаланың біреуінде докторант үміткер бірінші автор немесе хат-хабарлардың авторы болады.

3.10 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журнал Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) (бұдан әрі – JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторға ие және (немесе) Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстеледі немесе диссертацияның мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша белгілі бір процентильге ие.

Қорғауға жіберілетін жарияланымдарға қойылатын талаптар:

1) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар және (немесе) Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер қорында индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article) немесе шолу (review) немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала;

2) не Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері) дерекқорында индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі) мақала (article) немесе 1 (бір) мақала (article) және 1 (бір) шолу (review) және (немесе) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-фактор бойынша алғашқы үш кватильге кіретін немесе Scopus (Скопус) дерекқоры Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес);

3) немесе Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (СРС Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Пабблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли и Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) (бұдан әрі-сенімді баспалар) баспаларында немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) или Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) рейтингісі бойынша топ-100 университеттің баспаларында жарияланған монографияда (докторантқа кемінде 1 баспа парағы тиесілі) тараудың болуы;

4) немесе алғашқы екі квартильде JCR (ЖЖЖ) деректері бойынша импакт-факторы немесе Scopus (Скопус) дерекқорында Citescore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 (отыз бес) проценти бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 (бір) мақаладан (article) кем емес және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция (Conference paper (Conference paper) материалдарындағы 1 (бір) мақала;

JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-фактор бойынша бірінші квартильге кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда, басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы, конференция жинақтарындағы жарияланымдар диссертацияның мазмұнына және көрсетілген базаларда мәлімделген журнал мен конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес келеді, журналдың ресми сайтында жарияланады және Article (мақала), Review (шолу) немесе Article in Press (басылымдағы мақала), Conference Paper (Конфэрэнс пэйпэр), Proceedings (Просидингз) типіне ие. Пэнаралық бағыты (Multidisciplinary (Малтидисциплинари), Interdisciplinary (Интердисциплинари), General (Дженерал), Miscellaneous (Мисцеллэниэс) бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялауға рұқсат етіледі.

Web of Science (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы журналдың квартилі және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore (СайтСкор) бойынша проценти жарияланған жыл не жарияланған жылдың алдындағы жыл үшін не диссертацияны қорғау сәтінде ескеріледі.

Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау кезінде диссертацияның негізгі нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7 (жеті) жарияланымда, оның ішінде кемінде 4 (төрт) мақала Басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда жарияланады.

Шетелде диссертация қорғаған адамдар үшін диссертация тақырыбы немесе тиісті ғылыми бағыт бойынша Комитетке аттестаттау ісі берілгенге дейін жарияланған ғылыми еңбектер (оның ішінде 1 (бір) мақала – халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда) ескеріледі. Басылымдар тізбесіне енген журналдағы мақала ретінде шетелдік мерзімді ғылыми басылымдардағы мақалалар есепке алынады.

Қағиданың 6-тармағына сәйкес халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда ғылыми мақалалар болған жағдайда, мұндай журналдағы 1 (бір) мақала уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 2 (екі) мақала ретінде есепке алынады.

Басылымдар тізбесіндегі мақалалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №20 "Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13409 болып тіркелген) бекітілген ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкес ескеріледі.

Барлық басылымдарда Университеттің аффилиациясы – Сәтбаев Университеті көрсетілуі тиіс.

3.11 Диссертацияда:

1) бастапқы толық деректерді көрсете отырып, цитата алынған материалдардың немесе жекелеген нәтижелердің көздеріне;

2) докторанттың дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп алынған әзірлемелерге арналған қорғау құжаттарына;

3) дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп орындалған диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстарға сілтеме жасалады.

Диссертацияда плагиат анықталған жағдайда, диссертациялық кеңес қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

3.12 Осы Ереженің 3.10 -тармағының ғылыми жарияланымдарының сәйкестігін тексеру үшін докторант уәкілетті құрылымдық бөлімшеге Web of Science Clarivate Analytics және/немесе Scopus деректер базасында осы журналдардың индекстелуін растай отырып, жарияланған ғылыми еңбектер тізімін электрондық және баспа түрінде тапсырады.

3.13 Қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін докторант оқыған ЖОО кафедраның кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді.

Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жолданады.

Рецензенттер рецензияны жазбаша түрде ұсынады. Бұл рецензия келесідей тармақтарды қамтуы тиіс: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, олардың сенімділік дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелерді алуға жеке қатысуы, диссертация материалдарын баспасөзде толығымен жариялау, ескертулер мен ұсыныстар. Рецензиялар докторантқа кафедра отырысына дейін 1 (бір) күннен кешіктірілмей беріледі.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ ҚазҰТЗУ-дың аралас (сабақтас) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

3.14 Отырыста кеңесшілер болмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірін ҚазҰТЗУ кафедрасының меңгерушісі не оның орынбасары оқиды.

Кафедраның кеңейтілген отырысын өткізу туралы хабарландыру 10-15 күн бұрын <http://official.satbayev.university.ru> университет сайтында жариялануы қажет.

3.15 Диссертацияны орындау орны бойынша кафедра отырысында диссертацияны талқылау мыналарды қамтиды:

- кафедра отырысы төрағасының сөз сөйлеуі (диссертациялық зерттеу тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту күндерін, докторантура бағдарламасы шеңберінде ғылыми тағылымдамалардың мерзімдері мен орнын жариялайды);

- докторанттың сөз сөйлеуі;

- кафедра отырысына қатысушылардың сұрақтары - докторанттың жауаптары;

- шетелдік кеңесші болмаған жағдайда, ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі, оның пікірін жариялау;

- рецензенттердің сөз сөйлеуі;

- докторанттың рецензенттердің ескертулеріне жауаптары және олардың тілектері мен ұсынымдары бойынша қорытындылары;

- кафедра отырысына қатысушылардың талқылауы;

- қорытындыны қабылдау ашық дауыс беру арқылы, қарапайым көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

Диссертацияны қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының хаттамасынан үзінді түрінде ресімделеді, оған отырыс төрағасы қол қояды және докторантқа жетекшілік ететін проректор бекітеді. Қорытындыда келесідей тармақтар баяндалуы тиіс: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелер, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, олардың нақтылық дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелер алуға жеке қатысуы, қорғауға шығарылатын ережелердің дәлелденуі, Дәрежелерді беру қағидаларының 3.10 -тармағының талаптарына сәйкес диссертация материалдарының баспаға толық жариялануы, ескертулер мен ұсыныстар, қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы қорытынды.

Егер диссертация Дәрежелер беру қағидаларының 4, 5 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе, диссертация қорғауға жіберілмейді.

Қорғауға ұсынылған диссертацияға берілген ескертулермен келіскен жағдайда, докторант оларды диссертациясын диссертациялық кеңеске тапсырғанға дейін жояды.

3.16 Кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияны талқылағаннан кейін және қорғауға ұсыну туралы оң қорытынды болған жағдайда докторант 6 (алты) ай ішінде қорғауға шығады. Осы мерзімнен асқан жағдайда, докторант кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияны талқылау процедурасынан қайта өтеді.

3.17 Этикалық комиссияның қорытындысын алу үшін кафедраның кеңейтілген отырысынан өткен докторант жетекшілік ететін проректордың атына диссертациялық зерттеу материалдарын Этикалық комиссияда қарау үшін өтініш (4-қосымша) жазады.

Докторант Этикалық комиссияның хатшысына келесі құжаттарды pdf форматында жібереді:

- өтініш;
- диссертация;
- аңдатпа;
- отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- диссертация орындалған кафедраның (құрылымдық бөлімшенің) кеңейтілген отырысының хаттамасы, қорғауға ұсыну туралы қаулы;
- диссертацияны плагиатқа тексеру туралы ішкі анықтама;
- жарияланымдар тізімі.

3.18 Кафедраның кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант ҚазҰТЗУ ректорының атына өзі қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді.

Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант осы диссертациялық кеңестің талаптарына сәйкес құжаттар пакетін қалыптастырады және 10 (он) жұмыс күні ішінде докторант оқыған ЖОО бланкісінде ілеспе хатпен құжаттар жетекшілік ететін проректордың қолымен диссертациялық кеңеске жіберіледі. Докторант қорғау үшін таңдаған ЖЖОКБҰ-да ЖЖОКБҰ дербес бекіткен тәртіппен кеңейтілген отырыс өткізуге жол беріледі.

3.19 ҚазҰТЗУ Диссертациялық кеңесіне келесі құжаттар ұсынылады:

- Диссертациялық кеңес төрағасының атына диссертацияны қорғауға қабылдау туралы өтініш;
- кеңесшінің жұмыс орны бойынша расталған отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері. Шетелдік кеңесшінің пікірін аудару нотариалды куәландырылуы керек. Мемлекеттік құпияларды қамтитын диссертациялар үшін отандық кеңесшінің пікірі;

- докторант оқыған жоғары оқу орнының жетекшілік ететін проректоры бекіткен, оң қорытындысы және қорғауға ұсынымы бар диссертация орындалған кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;

- берік түптелген, 3 (үш) данада және электронды тасымалдағыштағы (CD-диск) диссертация (егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде қорғалатын болса);

- докторант оқыған ЖОО-ның бас ғалым хатшысы куәландырған ғылыми еңбектер тізімі және басылымдардың көшірмелері;

- докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Диссертациялық жұмыс қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Ереженің 2.2-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

3.20 Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындайды.

Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус), деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар.

Диссертацияны қорғау күні диссертацияны қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауға тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

3.21 Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау кезінде рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алады.

Мыналар ресми рецензент бола алмайды:

- Комитет қызметкерлері;
- докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;
- соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар;
- жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер.

3.22 Диссертациялық кеңес ҚазҰТЗУ-дың интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы мынадай материалдарды (мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:

- 1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;
- 2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);
- 3) қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), аннотация көлемін ЖЖОКБҰ өз бетінше анықтайды;
- 4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 5) ғылыми консультанттардың қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын);
- 7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

10) осы Үлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) осы Үлгі ережеге 3-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есеп (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ-ның жанындағы диссертациялық кеңестер үшін). Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;

12) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы дипломды беруді ұйымдастыру жөніндегі мәліметтер (ерекше мәртебесі бар ЖЖОКБҰ-ның жанындағы диссертациялық кеңестер үшін);

13) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

14) диссертациялық кеңестің құрамы туралы ақпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

15) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат;

16) докторант оқыған ЖЖОКБҰ-ның жанындағы Әдеп комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (осы Үлгі ережеге 4-қосымшаға сәйкес);

17) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

3.23 Диссертациялық жұмыс ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін ҚазҰТЗУ-дың интернет-ресурсында "Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы" деген белгімен орналастырылады. Диссертацияны ҚазҰТЗУ-дың интернет-ресурсында орналастыру кезінде авторлық құқықты қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады.

ҚазҰТЗУ-дың интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

3.24 Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылдау күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды.

3.25 Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. Титул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

ҰМҒТСО диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты күйде қолжетімді болады.

Мемлекеттік құпиялары немесе қызмет бабында пайдалануы үшін мәліметтері бар диссертацияларда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдалануы ҰМҒТСО-да немесе Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарында және (немесе) ғылыми ұйымдарында комиссия негізінде тексеріледі.

3.26 Диссертацияның қағаз және (немесе) электронды тасымалдағыштағы данасы ҚазҰТЗУ кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

3.27 Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Үлгі ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысанда жазбаша пікірлерін ұсынады.

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе және (немесе) онда түзетуді талап ететін ескертулер болса, диссертацияны пысықтауға жіберу. Диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалатын жағдайда диссертация пысықтауға жіберілмейді;

3) егер академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңашылдық, ішкі бірлік және дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген болса, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертацияны қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

3.28 ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖОО-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген плагиат фактілері болған жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

3.29 Диссертациялық кеңестің комиссиясы осы Ереженің 3.24-тармағында көрсетілген жағдайларда докторанттың диссертацияда авторға және көздерге (плагиатқа) сілтеме жасамай алынған материалдарды пайдаланғанын тексеру үшін саны 2 (екі) адамнан аспайтын Диссертациялық кеңес мүшелерінен құрылады. Комиссияның құрамына осы диссертация бойынша Сараптама комиссиясының мүшелері, егер ол диссертациялық кеңестің мүшесі болып табылған жағдайда докторанттың ғылыми жетекшісі кіре алмайды.

3.30 Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау жағдайынан басқа).

Докторанттың диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

3.31 Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

3.32 Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда заңды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялар қорғалатын жағдайда диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ интернетте трансляциялауға жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні калғанда хабарлайды.

Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:

- отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
- интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің үздіксіз бейне-және аудио трансляциясы;
- отырыстың бейне- және аудиожазбасы;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

3.33 Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысын өткізу мыналарды қамтиды:

- төрағалық етушінің диссертациялық кеңестің отырысында кворум туралы сөйлеген сөзі, отырысты өткізу құқығы, докторанттың, мамандықтың, диссертация тақырыбының, ғылыми кеңесшілердің және ресми рецензенттердің ұсынылуы;

- докторанттың жеке ісінде бар құжаттардың тізбесін және диссертациялық кеңеске ұсынылған құжаттардың белгіленген талаптарына сәйкестігін жариялау үшін ғалым хатшының сөз сөйлеуі;

- докторанттың сөз сөйлеуі (диссертацияның негізгі мазмұнын баяндайды және негізгі ережелерін ұсынады);

– отырысқа қатысушылардың сұрақтары - докторанттың жауаптары;

- шетелдік кеңесші болмаған жағдайда ғылыми кеңесшілердің олардың пікірін жариялауы;

- ресми рецензенттердің сөз сөйлеуі. Ресми рецензенттерге on-line режиміндегі, бейне-конференция нысанындағы қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында сөз сөйлеуге рұқсат етіледі;

- докторанттың ресми рецензенттердің ескертулеріне жауаптары және олардың тілектері мен ұсынымдары бойынша қорытындылары;

- бейресми пікірлер (бар болса, ғалым хатшы оқиды);

- диссертациялық кеңес отырысына қатысушылардың талқылауы;

- диссертациялық кеңестің құрамынан 3 (үш) адамнан тұратын есеп комиссиясын қалыптастыру және жасырын дауыс беруді өткізу;

- есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөйлеген сөзі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;

- қорғау нәтижелерін жариялау;

- диссертация бойынша диссертациялық кеңестің қорытындысын дайындау және қабылдау. Қорытындыны қабылдау ашық дауыс беру арқылы, карапайым көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

3.34 Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертацияны диссертациялық жұмыс нысанында қорғаған жағдайда ғана);

- 3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;
- 4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартуға құқылы.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

3.35 Докторанттың ғылым кеңесшісі, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

3.36 Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереженің және Дәрежелерді беру қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

3.37 Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылмаса, докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация ҰМҒТСО-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Үлгі ереженің 32-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

3.38 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде докторанттың аттестациялық ісін қалыптастырады. Аттестаттау ісі диссертациялық кеңесте кемінде 1 жыл сақталады, содан кейін ҚазҰТЗУ архивіне тапсырылады. Докторанттың аттестаттау ісінде келесідей құжаттар қоса беріледі:

- қатты мұқабалы және электронды тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация да қағаз тасымалдағышта беріледі (диссертация жұмысымен қорғауға шыққан жағдайда);

- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- ҰМҒТСО-ның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оқу орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның диссертацияның плагиатқа тексерілгені туралы анықтамасы ұсынылады;

- ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

- 2 (екі) ресми рецензенттің пікірі;

- осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы;

- диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

- докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскрипттің көшірмесі;

- осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

3.39 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертация қорғалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына мемлекеттік тіркеуге: диссертацияның қағаз және электрондық жеткізгіштердегі түптелмеген күйдегі данасын, диссертацияның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі есепке алу карточкасының екі данасын, электрондық жеткізгіштегі (Word форматында) еңбектер тізімін жібереді.

3.40 Диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация қайта қорғауға осы Ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы қорытынды жасау үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен 3 (үш) адамды тағайындайды. Қорытынды ҚазҰТЗУ-дың интернет-ресурсында диссертацияны қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және қорғауда оқылады.

4 Апелляцияны өткізу тәртібі

4.1 Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертациялық кеңестің шешімі шыққан күннен бастап 2 (екі) ай ішінде еркін нысанда ҚазҰТЗУ ректорының атына береді. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін апелляция қарауға қабылданбайды.

4.2 Апелляция келесі деректерді қамтуы керек:

- апелляция беретін докторанттың/өзге тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы болған жағдайда), мамандығының шифрі және диссертация қорғалған диссертациялық кеңестің атауы;

- диссертациялық кеңестің шешіміне шағымдану туралы мәліметтер.

4.3 Философия докторы (PhD) дәрежесін беру мәселелері бойынша дауларды сотқа дейін реттеу үшін апелляция берілген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде уәкілетті құрылымдық бөлімше құрамы өзінің 2 (екі) өкілінен және ғылыми кеңесші, рецензент, диссертациялық кеңестің мүшелері болып табылмайтын, тиісті мамандық бойынша 3 (үш) ғалымнан тұратын апелляциялық комиссияны (бұдан әрі – комиссия) құрады.

4.4 Комиссия өз қызметінде осы Ережені және Дәрежелерді беру қағидаларын басшылыққа алады. Комиссия құрылған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде аттестациялық істің материалдарын қарайды және апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

4.5 Апелляциялық комиссияның қорытындысы комиссия мүшелерінің көпшілік ашық дауыс беруі негізінде қабылданады және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

4.6 Апелляциялық комиссияның шешімі оны қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және ҚазҰТЗУ-дың интернет-ресурсына орналастырылады.

4.7 Осы Ережемен реттелмейтін, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруден, апелляцияға беру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

5 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру

5.1 ҚазҰТЗУ-дың уәкілетті құрылымдық бөлімшесі диссертациялық кеңестің шешімі негізінде философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (беруден бас тарту) туралы тиісті бұйрықты шешім қабылдағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шығарады.

5.2 Философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор дәрежелері берілген тұлғаларға 5.1-тармақта көзделген жеке үлгідегі дипломдар бұйрық шыққаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде беріледі. ҚазҰТЗУ-дың интернет-ресурсында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы ақпарат диссертациялық кеңес шешім қабылдағаннан бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде орналастырылады.

Диплом PhD докторантқа жеке беріледі, құжатты жеке алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделген сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі.

5.3 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартылған жағдайда, докторант диссертациясын қайта қорғауға ұсынады, бірақ ҚазҰТЗУ-да өткен алдыңғы қорғаудан бір жыл өткеннен кейін.

6 Ерекше шарттар

6.1 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толық меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация (жоба) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal (ресорч пропозал)) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғалады.

Университеттің ішкі құжаттарында бекітілген докторантурада оқытудың 1 (бір) кредитінің құнын ескере отырып, докторант 4 (төрт) кредитке төлем жүргізеді.

7 Диссертациялық кеңестің жұмысын ұйымдастыруды ресурстық және қаржылық қамтамасыз ету

7.1 Диссертациялық кеңестердің тұрақты, уақытша мүшелеріне және рецензенттерге ақы төлеу диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының ҚазҰТЗУ-дың Қаржы және есеп департаментіне ұсынылған орындалған жұмыс актілеріне сәйкес тоқсан сайын жүргізіледі. Төлем мөлшері Университеттің ішкі құжаттарымен бекітіледі.

8 Қорытынды ережелер

8.1 Диссертациялық кеңестің жұмысы үшін жалпы жауапкершілік Диссертациялық кеңестің төрағасына жүктеледі.

8.2 Диссертациялық кеңес бойынша барлық құжаттар ғалым хатшыда бір күнтізбелік жыл бойы сақталады, содан кейін белгіленген тәртіпке сәйкес ҚазҰТЗУ архивіне тапсырылады.

8.3 Осы Ереже бекітілген күннен бастап белгіленген тәртіппен қолданысқа енгізіледі.

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
1-қосымша

Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелеріне үміткерлер туралы ақпарат

№ р/с	Т.А.Ә. (болған жағдайда) (мемлекеттік немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде)	Дәреже сі ғылыми атағы,	Негізгі жұмыс орны	Азаматтығы	Ақпараттық Web of Science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) базаларының деректері бойынша Хирш индексі	Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланымдар	Басылымдар тізбесіндегі журналдардағы жарияланымдар
1	2	3	4	5	6	7	8

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
2-қосымша

Нысан

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

_____ жанындағы

(ЖОО атауы)

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық
кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
 - 2) диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
 - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);

б) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр, мерзімі 20__ жылғы « ____ » _____

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
3-қосымша

Нысан

Диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша
доктор дәрежелерін беру (беруден бас тарту) жөнінде қабылдаған
шешімдері туралы тоқсандық есеп

№	Докторанттың Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Туған жылы	Докторантурада оқыған кезеңі	Докторант оқыған ЖОО	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері ((Т.А.Ә. (болған жағдайда)), дәрежесі, жұмыс орны	Ресми рецензенттер ((Т.А.Ә. (болған жағдайда)), дәрежесі, жұмыс орны)	Қорғау күні	Диссертациялық кеңес және апелляциялық комиссия (болған жағдайда) қабылдаған шешім	Диплом №
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Мамандық (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес										

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
4-қосымша

Нысан

Этикалық комиссияның қорытындысы _____
ЖОО атауы

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер - Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет.
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет.
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))Этикалық комиссияның хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
5-қосымша

Нысан

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	
5.	Ғылыми принципі жаңашылдық	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 	

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
б-қосымша

Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20__ жылғы «__» _____ диссертациялық кеңестің отырысы,
№__ хаттама__Докторант _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша
диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Диссертациялық кеңес
туралы ережеге
7-қосымша

Нысан

Докторант туралы мәлімет

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты			
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)			
3	Докторантура мамандығы			
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні			
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі			
6	Ғылыми кеңесшілер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)			
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)			
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:			
	Басылымдар тізбесіндегі журналдарда			
	Web of Science (Web of Sines) немесе Scopus (Scopus) базасындағы шетелдік басылымда			
	Халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:			
	Шетелдік конференция материалдарында			
9	Еңбек жолы			
	Қабылдау мерзімі	жұмыстан босату	Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің орналасқан жері
10	Тұрғылықты жері, байланыс деректері			

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр, мерзімі 20__ жылғы «__» _____

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, парағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөні, қолы, лауазымы